

Еділ-Дон каналының ашылу күрмесіне

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Жөндеу-механика заводының механика цехында митинг болды. Завод директоры Жевлаков жолдас Еділ-Дон көме қатынасы каналы құрылысының біткендігін және оның Владимир Ильич Ленин есімімен аталғандығын айтты. Митингте токарь Василий Казанков сөз сөйлеп былай деді:

— Совет халқы коммунизмінің ұлы құрылыстарының тұңғышы — Еділ-Дон көме қатынасы құрылысының белгілеген мерзімде аяқтап, бейбітшілік және коммунизм жолындағы күреске деген өзінің берік еркін тағы да көрсетті.

Үкметтің Еділ-Дон каналын қатарға қосу туралы қаулысына жауап ретінде июль айында екі айлық тапсырма орындауға міндеттенемін. Цех коллективін менен үлгі алуға шақырамын.

Еліміздің өміріндегі бұл тарихи оқыйға арналған митингтер мен жыйналыстар заводтың барлық цехтарында болып өтті. Металшылар коллективі Еділ-Дон каналының қатарға қосылуын июль айының программасын мерзімінен бұрын орындаумен атап өтуге бірауыздан қарар қабылдады.

ТУУЫ

ОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

июль Сенбі

|| жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

тың
ветінің

ауы

үзілік Бейбітші-
нен әнгімелесті.
(СОТА)

және
ының
н болсын

дудың және жөндеу-
ауданында да бү-
ес. Мұнда малдың
ның өзінде 7 мың
қоралар салынуға
ықты зор көлемді
данда күні бүгінге
ылына қойған жоқ.
бар болғаны 2 қара
анғандығын аудан
айтқанда, аудандық
екретары Долженко
аткомінің председа-
стар месе тұтатын

руашылығы үшін
және ескі қоралар-
дун, қолма-қол же-
отыру — жергілікті

Солтүстік Қазақстанда шөп шабу ұзаққа созылуда

ПЕТРОПАВЛ. (Өз тілшімізден). Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздарының шөп шабу жұмысына кіріскеніне айдан астам уақыт болды. Осы мерзімнің ішінде облыс бойынша шөп шабу жоспары 36 процент, жемшөп дайындау жоспары 7 процент қана орындалды. Облыс колхоздары мен совхоздарының күрделі пішін машиналарымен жақсы жабдықталғанына қарамастан, шөп шабу жұмысы төзбестік ұзаққа созылуда. Шөп шабудың бескүндік графигі науқан басталғалы бірде рет орындалған емес. Шабылған шөпті жыйнау жұмысы өте баяу жүргізілуде.

Бұл фактілер жергілікті партия, совет ұйымдары басшыларының, ауыл шаруашылық орындарының өткен қыста болған қиыншылықты естен шығарып, қоғамдық мал шаруашылығын жемшөпнен қамтамасыз ету ісіне жауапсыз қарап келгенін көрсетеді.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында техниканы дұрыс және өнімді пайдалану жолында күрес жоқ. Бұған мысалға Ленин ауданын алуға болады. Бұл ауданның колхоздарында шөп шабатын 371 машина бар. Осы машиналардың едәуір бөлегі шын мәнісінде әлі жұмысқа қосылмаған. Ауданда шөпті шабу және оны жыйнау жұмыстарының арасында үлкен алшақтық болуына жол берілуде. Күні

артелінде пішіншілер тәулігіне 6—7 сағат қана жұмыс істейді. Мұнда күнделікті тапсырманы орындамайтын колхозшылар ондан табылады.

Машиналардың өнімсіз пайдаланылуына алдымен ауыл шаруашылық орындары кінәлі. Көп МТС-тер жемшөп дайындау жөнінде колхоздарға жеткілікті көмектеспейді. Образцовый МТС-і колхоздармен жасалған шарт бойынша быйыл 23.900 гектар жердің шөбін шабуға міндеттенген болатын. Осыдан бір айдың ішінде 9 мың гектардан астам жердің ғана шөбін шапты. Өйткені МТС басшылары шөп шабу жұмысына бөлінген тракторлардың, өздігінен жүретін машиналардың өнімді жұмыс істеуін бақыламады. Осы МТС-тің «Орталық», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарына жіберген трактор агрегаттары бөтде себептермен бірнеше күннен бері қарап тұр.

Бұл жерде аудан басшылары шөп шабу жұмысында болып отырған кемшіліктерді біле ме деген орынды сұрау туады. Рас, аудан басшылары шөп шабу жұмысының ұзаққа созылып отырғанын біледі. Бірақ олар болған олқылықты тез жойып, шөп шабу жұмысының қарқынын еселеп күшейтудің орнына жиі-жиі мәжліс өткізеді. Ол мәжлістерде ішкі мүмкіншіліктер қайта есенке алынып, жаңа графиктер жасалады. Пішін машиналары өнімді

ауданда шөп шабу жұмысының жайы мүлде нашар. Аудан колхоздарында белгіленген шөп шабу жоспарының бестен бір бөлегі әлі күнге дейін орындалған жоқ. Шабылған шөпті маюлап, мал қыстайтын орындарға тасу жұмысы ұйымдастырылмаған.

Айта кету керек, Октябрь аудандық партия комитетінің секретары Сухов жолдастың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мәселесіне неқұрайды қарайтындығы облыстық партия комитетінің пленумдарында, бюро мәжілістерінде талай рет сөз болды. Бұл жөнінде облыстық «Ленин туы» газетінде де мақалалар жазылды. Ама! не, облыстық партия комитеті Сухов жолдасты төртінше шақырып, одан партия мен үкметтің қоғамдық мал шаруашылығын одан сайын өркендету жолындағы нұсқауларын бұлжытпай орындауды талап етудің орнына, оған орысыз қамқорлық жасап жүр. Облыстық партия комитетінің кейбір қызметкерлері Сухов жолдасты іскер адам деп дәріптейді. Мұның өзі ауданда жемшөп дайындау сияқты зор маңызы бар саяси-шаруашылық науқанның олқылыққа ұшырауына белгілі дәрежеде себепші болып отыр.

Шөп шабу жұмысы Соколов, Приешім, Совет аудандарында да мөз емес. Бұларда шөп шабу жоспары 20—24 процент шамасында ғана орындалып отыр. Ауданда

Қала кәсіпорындарында

Москвалықтардың үлгісімен

Москваның И. В. Сталин атындағы автомобиль заводы комсомолецтерінің металды көптеп үнемдеу жөніндегі социалистік жарысты бастағанына жарты жылдан аса уақыт өтті. Бұл бастаманы шағын двигательдер заводының комсомолецтері мен жастары кезінде қуаттап, үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында 20 тонна металл үнемдеуге міндеттенген болатын. Міндеттемені қалтқысыз жүзеге асыру үшін бірқатар шаралар белгіленіп, қосымша мүмкіншіліктер ашылды.

Рационализаторлық бюроға осы мерзім ішінде металды әрбір операция бойынша көптеп үнемдеуге бағытталған жаңалық ұсыныстар түсе бастады. Технолог Г. Рембовская поршень құю тәртібін өзгертуі ұсынды. Мұның өзі заводтың 11.100 килограмм шойын үнемдеуіне мүмкіншілік берді. Сол сияқты, механикалық цехтың технологі Н. Круцкий жолдастың ұсынысы бойынша да көп металл үнемделді.

Металдарды үнемдеу жөніндегі социалистік жарыстың 6 айлық қорытындысы бойынша заводта 30,4 тонна металл үнемделгендігі анықталды. Мұның өзі жоспардан тыс 300 двигатель жасауға жетеді.

Завод жастары келешекте де өздерінің

совхоздарда мал қораларын жөндеуді және жаңадан салудың қарқыны әлі баяу, тіпті көп жерлерде бұл жұмыс кешіргісіз кешеуілдетіліп отыр.

Кейбір аудандардың колхоздарында мал қораларын жөндеу және жаңадан салу барысында өткен жылдың қателіктеріне жол беріліп келеді. Ал, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, тікелей құрылыс жұмысымен шұғылданатын бөлімдер бұл жұмысқа әлі сылдыр басшылық жасап, ол жөнінде колхоздар мен совхоздардың жұмысын мұқият бақылауға алмай жүр. Осының салдарынан облысты тұтас алғанда мал қораларын салудың және жөндеудің, әсіресе, жаңадан үлгілі төл қораларын салудың барысы өте мөте қанағаттанғысыз.

Мал қораларын жаңадан салу және жөндеу барысы, әсіресе, Соколов ауданында ойсыраған оқшылықта. Бұл ауданда быйыл 3 мың ірі қара малға, 600 бұзауға, 3 мың қой мен ешкіге, 1100 шошқаға, 40 жылқыға қора салынуға тиіс болса, бұлардан күні бүгінге дейін бірде-бір мал қорасы қатарға қосылмай отыр. Мұның басты себебі — ең алдымен, Соколов аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі өскелең қоғамдық мал шаруашылығының мұқтажына немқетті қарайтындығында. Аудандық партия комитетінің секретары Брикунов және аудандық Совет атқомінің председателі Красовский жолдастар мал қораларын салу және жөндеу жоспарын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету жөнінде колхоз басшыларының алдына қатаң талап қоя алмай, дәрменсіздікке салынып жүр.

Автомобиль заводының рационализаторлары

Москваның Сталин атындағы автомобиль заводында рационализаторлар мен жаңалық табушылардың жарты жылдық жұмысының қорытындылары шығарылды. Олардың ұсыныстары миллиондаған сом үнем жасауға мүмкіншілік берді. Жылдың бас кезінде Сталин атындағы автомобиль заводының комсомолецтері әрбір өнімде металл шығынын азайту жолындағы со-

өлім-жітімге ұшырауы кездесті. Быйыл мұндай зиянды әдетке жол бермеу керек. Әңгіме, әрбір колхоз бен совхозда құрылыс бригадаларының ұйымдастырылуы, бригада құрамының тұрақтандырылуы, мал қораларын салу жоспары толық орындалғанға дейін олардың басқа жұмыстарға ауыстырылмауы жөнінде болып отыр. Сондай-ақ құрылыс материалдары жөнінде қамқорлық жасау, ол үшін жергілікті жерлердегі мүмкіншіліктерді пайдалана білу шараларын жүзеге асыру — колхоз және совхоз басшыларының, облыстық ауылшаруашылық басқармасының және аудандық атқару комитеттерінің жанындағы село және колхоз құрылыстары бөлімдерінің аса маңызды міндеті.

Кәзір, мал қораларын салудың және жөндеудің қарқынын шұғыл күшейту жөнінде сөз болып отырғанда, құрылысшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуге керек. Мал фермаларындағы үгітшілердің орны — құрылыс жүріп жатқан жерлер. Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары озат құрылысшылардың инициативасын қолдай білуге, олардың үздік тәжірибелерін жұртшылық игілігіне айналдырып отыруға тиіс.

Міне, мұның бәрі колхоздар мен совхоздарда мал қораларын салу және жөндеу қарқынын күшейтуге, сөйтіп, мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жөнінде кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемелерді аброймен орындап шығуға толық жатқан мүмкіншіліктер ашады.

циалистік жарысты бастау жөніндегі патриоттық бастаманың жаршысы болған еді. Комплексті 264 бригада құрылып, олар жылына 10,7 мың тонна металл үнемдеуге мүмкіншілік беретін 3.500-ге жуық ұсыныстар жасады. Алты ай ішінде 718 ұсыныс енгізілді, ол арқылы 6.320 тонна металл үнемделді.

(СОТА).

шөбін шауып, шөп шабу жоспары аусан да бірінші болып орындап, алғашқы табысқа жетті.

орта есеппен 34 гектардан шөп шауып жүр. Ол бұл күнге дейін 210 килограмм жаңар майын үнемдеді. Машинист Л.

майлау ты

Солтүстік Қазақстан облысы МТС-тік комбайн агрегаттарының қызметкер медальдармен награда ССР Одағы Жоғарғы Советі Пр

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 27 апрельдегі Указына сәйкес дәнді, майлы дақылдар және шөп тұқымдарын жыйнауда, бастыруда 1951 жылы жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін мыналар наградаласын:

ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН:

1. Бер Готлиб Андреевич — Коновалов МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 7927 центнер астық бастырған.

2. Гнездилов Семен Федорович — Семиполяк МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 6021 центнер астық бастырған.

3. Қасенов Хамит — Баян МТС комбайншысының көмекшісі, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 8585 центнер астық бастырып, ерекше көзге түскен.

4. Нурахметов Тонаш — Коновалов МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 6393 центнер астық бастырған.

5. Таранко Иван Игнатьевич — Ворошилов атындағы МТС-тің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 6901 центнер астық бастырған.

6. Шаталов Федор Савельевич — Чапаев атындағы МТС-тің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» қос комбайнымен жыйналған егіннен

10510 центнер астық бастырған.

7. Шефер Яков Иванович — Семиполяк МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 6456 центнер астық бастырған.

ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН:

1. Альберг Иван Иванович — Коновалов МТС комбайншысының көмекшісі, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 7927 центнер астық бастырып, ерекше көзге түскен.

2. Бабченко Алексей Егорович — Преснов МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 6006 центнер астық және майлы дақыл бастырған.

3. Бахти Михайл Иванович — Коновалов МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 5494 центнер астық және 13 центнер шөп тұқымын бастырған.

4. Бендаренко Иван Афанасьевич — Коновалов МТС-нің тракторшысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» комбайнымен жыйналған егіннен 7927 центнер астық бастырып, ерекше көзге түскен.

5. Бражникова Галина Никифоровна — Чапаев атындағы МТС комбайншысының көмекшісі, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец — 6» қос комбайнымен жыйналған егіннен 10510 центнер астық бастырған.

6. Бычкарь Петр Филиппович — Коно-

валов МТС-нің күні ішінде мен жыйнал астық және бастырған.

7. Егерь И МТС-нің ком ішінде «С жыйналған е және 11 цент

8. Игнатев валов МТС в 35 жұмыс кү комбайнымен центнер асты түскен.

9. Налинов Суворов МТС мыс күні іші нымен жыйн астық, майлы шөп тұқымы

10. Қусай МТС-нің ком ішінде «Ста жыйналған е бастырған.

11. Омельч Ворошилов а тың көмекшісі «Сталинец — 6» егіннен 6 ырып, ерекше

12. Паульс нов МТС-нің күні ішінде «

МЫСЫ

АУШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

жолдастың алық партиясында «конъюнктының ром-паровоз ас комму-ты туралы» кейін Елдің қабылда-асырылуын ұйымына Енговатов дағы күрде-дың жұмыс-ды. Қаларо мәжіліс тобының а барлық-тия топта-ы қаулы ал-үгіт-бұқа-да аталған

митеті ғана да аудандық қаушыларды істерін же-партия ко-аушы пар-арында тек қанағаттан-партия-са-нде қажетті жүр.

партия кө-енко жолдас-ртия ұйымын-лігіне канди-8 комму-арым жыл-е-бір адам Бұдан кейін мунистермен

Давыдов жолдастарға ұйымның жұмысын жақсарту жөнінде пайдалы пікірлер айтты. Осыдан кейін май, июнь айларында аталған партия ұйымы жас коммунистермен жұмысты жақсартып, олардың ішінен үш адамды партия мүшелігіне қабылдады.

Дегенмен, кейбір аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының партия-ұйымдық және партия-саяси жұмысты жүргізу жөнінде қолма-қол басшылық жасап, қажетті көмек көрсете алмай келеді. Бұл кемшіліктің басты сым-рының бірі—нұсқаушы кадрларын дұрыс пайдаланбауда болып отыр. Мамлют ауданында кейбір бастауыш партия ұйымы секретарьларына партия шаруашылығын жүргізу, мүшелік жарналарды төлеу тәртібі жөнінде үстірт нұсқау беріліп жүр. Бұл жөзделген нұсқаушылардың партия жұмысын жете білмеулерінен болып отыр, ал, аудандық партия комитетінің секретарьлары оларды жұмысқа үйретуге көңіл бөлмейді. Кейбір аудандық партия комитеттері нұсқаушыларды тек шаруашылық мәселелерді шешу үшін ғана пайдаланады. Мұндай жарамсыз едет, әсіресе, Конюхов, Булаев аудандарында орын алып келеді. Конюхов аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Дубинин жолдас көктем егісі кезінде «Путь пролетариата» колхозында айдан астам уақыт өкіл болып отырды. Олай болса, Дубинин жолдастың негізгі міндеті — партия ұйымдарындағы партия-ұйымдық және партия-саяси мәселелермен шұғылданып жөнінде сөз болуы мүмкін бе?

Нұсқаушы — партия комитетіндегі негізгі тұлға. Сондықтан нұсқаушы кадрларын іріктен алу, тәрбиелеу және оларды жұмысқа пайдалану мәселесіне жете көңіл бөлу қажет. Партия-ұйымдық және партия-саяси жұмыстарының жайын оған

Жаңа оқу жылын үлгілі әзірлікпен қарсы алайық!

Біздің жетіжылдық мектепте

Экономикамыз бен мәдениетіміз асқақтап өсіп, тарихи жетістіктерге ие болдық. Ленин-Сталин партиясының басшылығы арқасында совет халқы В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы құрылысын аяқтап, үлкен жеңіске жеттік. Коммунизмнің басқа да ұлы құрылыстары ойдағыдай салынып жатыр.

Бейбітшілік пен социализмнің мызғымас қамалы—сүйікті Отанымызда жастардың білімге деген құштарлығы орасан. Ал, балаларды бірінші кластан жоғары оқу орындарын бітіргенге дейін оқыту «Балуан» колхозы еңбекшілерінің жарастықты сапты болып алды.

Балуан жетіжылдық мектебінен соңғы бес жыл ішінде оқуды себепсіз тастап кеткен бірде-бір оқушы болған жоқ. Оқушылар сабаққа дұрыс қатынасу үшін жыл сайын оқу қоры жасалады. Тек өткен оқу жылында мұқтаж оқушыларға 22 парнима, 3400 сомның басқа да киімдері сатылып әперілді.

Бұл жұмыстарға жергілікті партия, совет ұйымдары көп көмек көрсетті. Балаларды оқуға түгел тартып оқытуға мұғалімдер коллективі үнемі жете назар аударып отырады. Туысқандар жыйналыстарында міндетті жетіжылдық оқу заңы жүзеге асыру жөнінде, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу жөнінде баяндамалар жасалады.

Балуан жетіжылдық мектебін быйыл 18 оқушы бітірді. Оның ішінен Әубәкіров, Исин, Ыдырысов сыяқты оқушылар барлық пәнді бестік бағамен үлгеріп, мақтау грамоталарын алды. Бұл 18 оқушының алдағы оқу жылында орта мектептерде оқуларын қамтамасыз етпекпіз. Сонда, алдымыздағы 1952-53 оқу жылында 8-10-класстарда оқыйтын балуандықтар саны

сында 208 адам оқыйтын болады.

Колхоздың қысқы мал қыстаулары кез хоз орталығына 15-25 километр жерде. Оқушылардың ата-аналарының 25 проценті сол қыстауларда болады да, оқушылар олардың бақылауларынан қол үзеді. Сондықтан мұғалімдер балалардың сабаққа әзірленуін, дем алуын ертелі-кеш бақылап жүреді. Сабақты төмен оқыйтындарға көмек үнемі көрсетіліп тұрады.

Мұғалімдер коллективі тек мектеп жұмысымен болып қетпей, үгіт-бұқаралық жұмыстарына да белсене қатысып отырады. Сол сыяқты, сенбіліктер ұйымдастырып, колхоздың шаруашылық жұмыстарын деркесінде аяқтау ісіне көмектесіп отырады. Мысалы, быйлығы көктемде оқушылардың және оқушылардың күші мен 3 гектар ағаш отырғызылды. Кезі шөп шабу науқанында 56 оқушы жұмыс істеп жүр. Пионерлер жас төлдерді күтуге бөлінді. Қайнуллин, Кәрішалов сыяқты комсомол мүшелері қоғамдық малды бағып семіртуді өздері қалап алды.

Мектеп жаңа оқу жылына дайын. Қыс маусымына керекті отын жеткілікті. Парт, тақта, стол, орындық тағы басқа мектеп мүліктері жөнделіп бітті. Мектеп алаңы қоршалып, спорт алаңы қайтадан жасалды.

Мектеп жұмысында елеулі кемшіліктеріміз де бар. Мектеп бөлмелерінің аздығынан лабораториялық тәжірибе жұмыстары жүрмей келді. Физикалық және химиялық кабинеттер, оның көрнекі құралдары жоқ. Оқушылардың оқу құралдарымен қамтамасыз етілулері жеткіліксіз.

Мектеп кітапханасында кітап аз, небары 400-дей кітап бар. Әсіресе, балаларға оқуға лайықты кітаптар өте аз. Мұндай кемшіліктерді қайталамағ үшін жаңа оқу

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 17 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін корей Халық армиясы құрамаларының қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болғанын хабарлады.

Халық армиясының бөлімдері бейбіт елді пункттерге артиллериядан оқ жаудырған дұшпанның бір кемесін суға батырды және бір әсминенің ойсырата зияндады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атушы отрядтары дұшпанның бейбіт елді аудандарға аюандықпен шабуыл жасауға қатысқан үш самолетін атып түсірді және алты самолетін зияндады.

ЖАПОНИЯНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ БАКТЕРИОЛОГИЯ ЛЫҚ ҚАРУДЫ АЙЫПТАЙДЫ

ТОКИО, 17 июль. (СОТА). «Сякай Таймс» газетінің хабарына қарағанда, Жапониядағы мәдениет қайраткерлерінің конференциясы бактериологиялық соғысты тоқтату және соғыста тұншықтырғыш, уландырғыш және басқа газдар мен бактериологиялық құралдарды қолдануға тыйым салу жөніндегі Женева протоколын Жапония мен АҚШ үкметтерінің тез қолдануы жолындағы қозғалысты бастау жөнінде қарар қабылдаған.

КАЛЬКУТТАДАҒЫ АШТАРДЫҢ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

ДЕЛИ, 17 июль. (СОТА). Калькуттадағы аштардың демонстрациясы әлі жүріп жатыр. Газеттер кеше полицияның көзден жас ағызатын газдар толтырылған қол гранаталарын жаңадан қолданғандығын, полиция мен аштар арасында елеулі соқтығыстар болғандығын хабарлады. Демонстрация

коммунист партиясының көсемі Жак Дюклоны құтқарып алған француз жұмысшыларының тамаша жеңістері жөнінде мағұнды әңгіме өткізді.

Оның бұл әңгімесін жұмысшылар зор ықласпен тыңдады.

кодил және «Бокс» қабырға газеттері шығарылады. Мұның бәрі станцияның өндірістік тапсырмаларды ойдағыдай орындауына көмектеседі.

П. ОСИПОВ.

Газет сыны орнына

Мәдениет мәселесін ұмытып отырған газет

Колхозды ауылдың жаңа бейнесі, коммунистік моральді рухани азық еткен оның жаңа адамдары, олардың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті туралы үзбей жазып тұру — жергілікті газеттердің негізгі міндеттерінің бірі.

Алайда, Приешім аудандық «За большевистские колхозы» газеті (редакторы Васильев жолдас) бұл абройлы міндетті өз дәрежесінде орындай алмай отыр. Газетте үстіміздегі жылдың басынан бөбі колхозды ауыл-селонның мәдениеті туралы бірде-бір көлемді мақала жарияланған жоқ. Бұл мәселеге арналып, бір рет басма қала берілді. Оның өзі де тек Совет ауданы еңбекшілерінің облысымыздың барлық еңбекшілерін мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуге шақырған үндеуіне арналған.

Приешім ауданының барлық колхоздарында мектеп, кітапхана, қызыл мүйіз бар. Бірақтар колхоздар электр жарығымен, радиомен, киномен қамтамасыз етілген. Сол сияқты, оннан аса көшпелі киноустановкалар жұмыс істейді.

Осы аудандағы Надежда селосы Октябрь революциясына дейін 20 шақты үйден құралған, мектеп, клуб дегендер атымен жоқ, қаңыраған қыстақ еді. Тозығы жеткен үйлердің ортасында төбесі

сорайған шіркеу ғана көзге түсетін. Көзір бұл село адам танығысыз өзгерді. Мұнда клуб, орта мектеп, механизаторлар даярлайтын мектеп, кино, кітапхана, қызыл мүйіз және спорт алаңдары бар. Колхоз клубында селолық лекторий жұмыс істейді. Колхозшылар көптеген газет-журналдар алдырады. Бірақ, «За большевистские колхозы» газеті колхозды ауыл-деревнядағы осындай мәдениет және тұрмыс мәселелерін жан-жақты жазудан тіпті сырт қалып отыр. Газет осы жылғы 15 майдары санында Владимировка селолық Советінің оқу үйі туралы мақала жариялады. Әйтседе, бұл мақала оқу үйі меңгерушісі Долженко жолдасың көктем егісі кезінде істеген жұмыстарының есебі дәрежесінен аса алмай қалған. Жартысынан көбі жалпылама сөйлемдер мен ұрандар тектес шумақтарға толы. Бұл мақалада оқу үйінің жұмыс тәжірибесі, оның табысқа жетуінің сыры неде екендігі анықталмайды. Мақалада ешбір ұғым бермейтін түсініксіз сөйлемдер де көп-ақ. Мәселен, автор кітап оқушылар қатарының күн санап көбеюін былай деп түсіндіреді:

«Колхозшылардың әртүрлі топтарымен (?) жұмысты дұрыс жүргізу нәтижесінде оқушылар саны күн санап

ұымдастырылған. Осы жылдың басында ішінде 61 колхозшы қажетті еңбек күн мөлшерінде жұмыс істеген жоқ.

Партия жыйналысы партия бюросының жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгілеп, қаулы алды.

артып келеді. Мәселен, колхозшы-шалдар Я. Момот және И. Лобурец жолдас-тар белсенді кітап оқушылар қатарына жетті».

«Мұндағы топтары кім? Шалдардың белсенді кітап оқушы болуының таңданырлық несі бар? — деген сұрақ өзінен-өзі туады.

Колхозды ауыл-деревняның мәдени өмірі туралы жазылған қысқаша хабарлардың өзі де мағнасыз сөйлемдерге толы. «За большевистские колхозы» газетінің бетінде мәдениет тақырыптарына арналып сын мақала мүлдем жазылмайды, газет кемшіліктері туралы жазған ұсақ хабарларында жеке адамдардың тәртіпсіздіктері туралы ғана жазумен тынады. Осы жылғы 15 майдағы санында басылған «Кинемеханиктің жарамсыз қылығы» деген хабар дәл осылай жазылған.

Аудандағы көшпелі кинолар жұмысты өте нашар істейді, сондықтан да олар айлық тапсырманы үнемі орындай алмай келеді. Аудандық киноландыру бөлімінің бастығы Алешков жолдас көшпелі кино аппараттарын тасыйтын автомашиналарды өз мүддесіне пайдаланады. Осы сияқты төзгісіз жағдайды аудандық газет қытаң сыңға алуға тиіс еді. Бірақ, газет тек болымсыз жеке фактілерді тізбектеумен тынып, өз тарапынан батыл сын айта алмаған.

Колхозды ауыл-деревняның мәдени өмірін, оның жаңалықтарын очерк, зарисовка, мақала, хабар түрінде үзбей жазып отыру — аудандық газеттердің төл ісі.

ның небары 3400 текше метрі ғана дайындалған. Дайындалған отынның өзі толық тасылып, үйілген жоқ. Ал, Айтуар, Тегішіл, Суаткөл мектептері отын дайындауға әлі кіріспей де отыр.

Мектептерде оқу сапасының жоғары болуы, ең алдымен, мұғалімдерге, олардың іскерлігіне, білім дәрежесіне байланысты екендігі бәрімізге мәлім. Бірақ, бұл ауданда мұғалімдердің білімін көтеру мәселесіне жете көңіл бөлінбей келеді. 45 мұғалімнің орта білімі жоқ бола тұрса да олардың көпшілігі сырттан оқуға тартылмаған. Мәселен, Троицк мектебінің оқытушысы Я. Суржакова, Железное мектебінің оқытушысы А. Мельникова жоқ

мысында жойылма жылына әзірлікте кемшіліктерді жою

Аудандық партия кемшіліктерді жоқ рын қолданып, ау (меңгерушісі Глад рынан, мектеп дир шілерінен мектеп әзірліктің қарқын сол сияқты, ауыл бастауыш партия ті жерде бұл іске ді талап етулері

Мектеп құрылысы қолға а

Қыялы астық совхозының коллективі құрылыс жұмыстарын жылма-жыл кеңінен өрістетіп келеді. Совхозда быйыл көп еңбекті керек ететін жұмыстар механикаландырылмақ. Мұның үстіне совхоз жұмысшыларының балалары оқыйтын екі қатарлы мектеп салынбақ.

Көзір бұл мектеп ры басталды. Арн бригадасы ұйымд қатар, құрылыс ж дың ата-аналары тысуда.

ЖЕКСЕНБІЛІК ӨТКІЗІЛДІ

Полудень ауданындағы Еңбекшілер ауылдық Советіне қарасты колхоздарда жаңа оқу жылына әзірлік ойдағыдай жүргізілуде. Мектеп үйлерін жөндеу толық дерлік аяқталды. Қызылту, Екпінді мектептері қысқа керекті отынды тасып алды.

Жаңа оқу жылы шылардың ата-анал Олар жаңа оқу ж көрсету жөнінде ж тепке 45 төкшемет

ТЕЗ АРАДА ТҮПКІЛІКТІ ЖҰМЫСҚА

инженер-құрылысшы, прораб-девятник, темір жол-мастері, жүк тиеушілер және құрылысшы жұмысшылар керек.

Жұмыс бабы жөнінде күн сайын сағат 8-ден 18-ге дейін, 3-35 телефон арқылы білуге болады.

«УДАРНИК»

Бүгін және күн

«СТАДИОНД

Сеанстар 6-8-10-

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс